**"Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығына және "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 14 қарашадағы № 359 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 21 қарашада № 37453 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!
Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларында:

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы №214 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32850 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларында көзделген тәртіппен тіркелген жұмыс іздеп жүрген адамдар және (немесе) жұмыссыздар қатарындағы, өтініш берген кезде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32880

болып тіркелген) бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 16-тармағында көзделген өңірдегі тұрғылықты жері бойынша кемінде бір жыл тұрақты тіркеуі бар, сондай-ақ қағидалардың 12-тармағының 4) тармақшасында көзделген мерзімде Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) не ақпараттандыру нысаны: "Migration.enbek.kz" порталы (бұдан әрі – Migration.enbek.kz порталы) немесе "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген өтініш пен өтініш берушінің құжаттары келіп түскен күні оларды көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы жібереді.

Өтінішті қабылдаған Мемлекеттік корпорацияның маманы өтініш беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінің сапасын және олардың түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ-сы арқылы куәландырады, одан кейін құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде, қызмет алушы толық құжаттар жиынтығын ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ мерзімі өткен құжаттар ұсынса, Мемлекеттік корпорацияның маманы өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы түбіртек береді.

Өтінішті қабылдаған Мемлекеттік корпорацияның маманы өтініш берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтінішті қабылдағаны туралы хабарлама табыс етеді.

Веб-портал арқылы берген өтінішке қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

15. "Migration.enbek.kz" порталы немесе веб-портал арқылы өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мансап орталықтарына өтініштер "Еңбек нарығы" ААЖ арқылы келіп түседі.

Өңірлердің мансаптық орталықтары өтініш келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде үміткерлердің өтініштерін көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынған кезде осы

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініштің қабылданғаны туралы хабарламаны алады.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде "Migration.enbek.kz" порталы не веб-порталы арқылы қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған жағдайларда:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес топтамасын;

2) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсынған жағдайда осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

"Migration.enbek.kz" порталы арқылы берілген өтінішті көрсетілетін қызметті беруші жүгінген күні тіркейді.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4, 5 және 6-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 9 және 10-қосымшалар осы бұйрыққа 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қандастар шығу өңіріне/мемлекетіне қарамастан ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысады.

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы осы Қағидаларда көзделген ерікті түрде қоныс аударуда мемлекеттік қолдаудың ұсынылатын шараларын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Бір қабылдау өңірінің ішінде қоныстандыру ауданынан/қаласынан тыс бір елді мекеннен басқа елді мекенге көшкен жағдайда қандас не қоныс аударушы тиісті мансап орталықтарын себептерін көрсете отырып, көшіп кеткенге дейін күнтізбелік 10 күннен

кешіктірмей хабардар етеді және жаңа тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік келісімшарт жасасады.";

67, 68 және 69-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Экономикалық мобильділік сертификаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілген ипотекалық бағдарламасы, және (немесе) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, оның ішінде Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылатын "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы, сондай-ақ қаржы институттарының ипотекалық кредиттеу құралдары мен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі шеңберінде осы Қағидалардың 68 және 69-тармақтарында көзделген тәртіппен және шарттармен ауылдық елді мекендерде тұрғын үйді сатып алу немесе облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда тұрғын үй сатып алу кезінде бастапқы жарнаны төлеу үшін ипотекалық тұрғын үй несиелері бойынша беріледі.

Экономикалық мобильділік сертификаты қандастарға немесе қоныс аударушыларға қабылдау өңіріндегі тұрақты тұратын елді мекенде тұрғын үй сатып алу кезінде 1 625 АЕК мөлшерінде беріледі.

Бұл ретте, егер тұрғын үйдің құны экономикалық мобильділік сертификатының мөлшерінен аспайтын болса, ақшалай төлем сатып алынатын тұрғын үйдің нақты бағалау құны мөлшерінде жүргізіледі.

Экономикалық мобильділік сертификаты бойынша төлеу үшін еңбек мобильділігі орталығы қандастар мен қоныс аударушыларды мынадай санаттар бойынша саралайды :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірлерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмыс істейтіндер;

2) отбасы құрамында өтініш берушімен тұрақты бірге тұратын еңбекке қабілетті жастағы отбасы мүшелері бар;

3) отбасы құрамында өтініш берушімен тұрақты бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары не жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалары бар, олар он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітірген уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін);

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындар.

68. Экономикалық мобильділік сертификатын алу үшін қандастар мен қоныс аударушылар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті " Migration.enbek.kz" порталы арқылы мыналарды:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган берген қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімді;

2) екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын үй несиелері бойынша тұрғын үй сатып алу жағдайында қарызды беруді мақұлдауы;

3) екінші деңгейдегі банктегі тұрғын үй қарыз шарты бойынша екінші деңгейдегі банкте сатушының немесе қарыз алушының ағымдағы шоттарын;

4) сатып алынатын жылжымайтын мүліктің сатып алу-сату шартының және бағалау актісінің көшірмелері;

5) өтініш берушінің жаңа тұрғылықты жері бойынша еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып тапсырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, көрсетілетін қызметті алушы мен отбасы мүшелері қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгенге дейін өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде қоныстандыру өңірлерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының жаңа тұрғылықты жеріндегі еңбек қызметін растайтын құжатты көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде көрсетілетін қызметті алушы заңмен қорғалатын құпия құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, бұл мәліметтер ақпараттық жүйелерде сақталады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Қандас немесе қоныс аударушының жылжымайтын мүлікті жұбайынан (зайыбынан ) және өзінің жақын туыстарынан, сондай-ақ алушының (өтініш берушінің) жұбайының (зайыбының) жақын туыстарынан сатып алуына экономикалық мобильділік сертификатын пайдалануға жол берілмейді.

Экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып, меншікке ресімделген жылжымайтын мүлікті 5 (бес) жыл ішінде сатуға жол берілмейді.

Мансап орталықтары құжаттардың көшірмелерінің сапасын және олардың негізгі талаптар тізбесіне сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, қандастар немесе қоныс аударушылардың экономикалық мобильділік сертификатын беру туралы өтініштері мен құжаттарын тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ қандас немесе қоныс аударушы ұсынған экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісі бойынша құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы тұрғысынан және үш жұмыс күні ішінде салыстырып тексеруді жүзеге асырады, өтініш тіркелген күннен бастап

қандастың немесе қоныс аударушының экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы өтінішін еңбек мобильділігі орталығына қарау үшін жібереді.

Экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісі туралы ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы тұрғысынан қосымша салыстыру мансап орталығы маманының мәміле объектісіне оны толық және мұқият тексеру үшін шығуын жүргізу туралы еңбек мобильділігі орталығының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мансап орталығы экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісін толық және мұқият қарап шыққаннан кейін фото және видео материалдармен қоса қорытынды ұсынады және оларды еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Бағалау туралы есепте белгіленген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құнының дұрыстығына қатысты дау туындаған жағдайда, соның ішінде осы объект бойынша өзге бағалау туралы есебінің болуына байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау туралы есепке сараптама жүргізілуі мүмкін.

Бағалау туралы есепке қорытынды берген бағалаушылар палатасы мен осы есепке дау білдірген тұлғаның арасындағы даулар сот тәртібімен қаралады.

Сатып алынатын жылжымайтын мүліктің құнын бағалауға дау айту туралы талап арыз беру экономикалық мобильділік сертификатын төлеу туралы өтінішті қарау мерзімдерін тоқтата тұрады.

Еңбек мобильділігі орталығы өтініш қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны қарайды және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы шешім шығарады не осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша себептерін дәлелді негіздей отырып, оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ өтініш берушіні қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Мыналар:

1) өтініш берушінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс екенін анықтау;

3) жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрының бірыңғай ақпараттық жүйесіне алынған осы Қағидалардың 76-тармағында көзделген негіздердің болуы;

4) қандасқа немесе қоныс аударушыға мансап орталығы берген қоныс аударуға жолдамада көрсетілген межелі елді мекеннен тыс жерлерде тұрғын үй сатып алу;

5) тұрғын үйді сатып алу, егер аталған тұрғын үйді бұрын қоныс аударушы немесе қандас, немесе олардың отбасы мүшелері экономикалық мобильділік сертификаты

бойынша ақшалай төлем есебінен сатып алған жағдайда экономикалық мобильділік сертификатын беруден бас тартуға негіз болып табылады.

69. Еңбек мобильділігі орталықтары экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлем беру туралы шешім қабылданған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде экономикалық мобильділік сертификаты бойынша материалдық көмекті екінші деңгейдегі банктегі тұрғын үйді сатып алу немесе банк займдары туралы келісімшартқа сәйкес сатушының не қарыз алушының екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына аударады.";

"71. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерді төлеу жөніндегі шығыстарды өтеу ай сайын, он екі айдан көп емес тұрғын үйді сатып алу-сату шарты бойынша тұрғын үй алғанға дейін мынадай мөлшерлерде өтеледі:

1) қалалық жерге қоныс аударғандар үшін:

бір адам үшін 20 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 25 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болған кезде 30 АЕК мөлшерінде төленеді;

2) ауылдық жерге қоныс аударғандар үшін:

бір адам үшін 15 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК мөлшерінде;

отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болған кезде 21 АЕК мөлшерінде төленеді.

72. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия төлеу үшін қандастар немесе қоныс аударушылар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, өтінішке тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі қоса беріледі.

Мансап орталықтары өтініштер тізбесін қалыптастырады және екі жұмыс күні ішінде тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия төлеу үшін еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Еңбек мобильділігі орталығы субсидияларды төлеу туралы қарап, оны төлеу не осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша себептерін дәлелді негіздей отырып, беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға берілетін және (немесе) қызметтік тұрғын үй берілген кезде және Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерді орындау кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға қоныстануға арналған жалдау шартына сәйкес тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығыстарды өтеу ұсынылмайды.

Жұмыс берушілер жалдау шартына сәйкес жалдамалы және (немесе) қызметтік тұрғын үй берген кезде қандастар мен қоныс аударушыларға тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстарды өтеу ұсынылмайды.

Төлемдерді жүзеге асыру мынадай:

1) меншік құқығында, оның ішінде экономикалық мобильділік сертификаты бойынша тұрғын үй сатып алу;

2) алушыны жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған, алып отырған тұрғын үйден шығару;

3) алушы басқа елді мекенге тұрақты тұрғылықты жерге, сондай-ақ қабылдау өңірінен тыс жерге кетуі;

4) қандастың немесе қоныс аударушының жалдау (жалдау) шартында көрсетілген мекенжай бойынша тұрмауы;

5) жалға берілетін тұрғын үйді қосымша жалдауға беру;

6) бұрмаланған және жалған мәліметтер беру жағдайлары туындаған кезде тоқтатылады.

Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге артық есептелген (төленген) ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар қайтаруға жатады.

Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге артық есептелген (төленген) ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидияларды қайтару:

арызданушының өтініші;

еңбек мобильділігі орталығының шешімі;

сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

73. Материалдық көмек экономикалық мобильділік сертификатын алу үшін өтініш берілген жағдайларды қоспағанда, өңірлік квотаға енгізілген сәттен бастап алты ай мерзімнен кешіктірмей өтініш берілген жағдайда беріледі.

Экономикалық мобильділік сертификатын беруге өтініш тиісті қаржы жылы ішінде беріледі.

Өтініш беру мерзімі Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін үш ай ішінде берілген өтініш берушінің өтінішхаты бойынша қалпына келтіруге жатады.

Өтінішке көрсетілген алты ай мерзімде материалдық көмек төлеу туралы өтініш беруге кедергі келтірген өтініш берушіге тәуелді емес мән-жайлар көрсетілген құжат және (немесе) осы мән-жайлардың болуын растайтын құжат қоса беріледі.";

мынадай мазмұндағы 73-2 және 73-3-тармақтармен толықтырылсын:

"73-2. Әлеуметтік көмек өтініш жасалған күннен бастап тағайындалады. Өтініш пен қажетті құжаттар порталда тіркелген күн әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш жасалған күн деп есептеледі.

73-3. Қандас, қоныс аударушы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек мобильділігі орталығының, лауазымды тұлғаның шешіміне, іс-әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылы.

Шағым оның шешімі, іс-әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданылатын Еңбек мобильділігі орталығына, лауазымды тұлғаға беріледі.

Шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның шешімі, іс-әрекеті ( әрекетсіздігі) шағымданылатын Еңбек мобильділігі орталығы, лауазымды тұлға шағымды және әкімшілік істі жоғары тұрған әкімшілік органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жібереді.

Бұл ретте, шешімі, іс-әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданылатын Еңбек мобильділігі орталығы, лауазымды тұлға, шағымдағы талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса немесе іс-әрекет жасаса, шағымды үш жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Шағымды тікелей қарайтын жоғары тұрған әкімшілік органға қандас немесе қоныс аударушының келіп түскен шағымы, оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмеген жағдайда, сотқа жүгіну ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.";

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"97. Жергілікті атқарушы органдардың тапсырыстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын тұлғаларға жұмыс беруші жұмыскерге тұрғынжай ұсынған жағдайды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй және жатақханалардан бөлме беріледі.";

99-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"99. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес және қабылдаушы өңірдегі мансап орталығымен, белсенді еңбекке орналастыру шараларына қатысатын тұлғалардың арасында мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган арқылы жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді жалға алу (қосымша жалға алу) туралы келісім жасалады, ол "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысымен бекітілген нысанға сәйкес рәсімделеді.";

көрсетілген Қағидаларға 3, 3-1 және 3-2-қосымшалар осы бұйрыққа 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5, 6, 7 және 8-қосымшалар осы бұйрыққа 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11, 12, 13 және 14-қосымшалар осы бұйрыққа 14, 15, 16 және 17-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларын орындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды;

4) осы бұйрықты облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы*
*Еңбек және халықты*
*әлеуметтік қорғау министрі* — *С. Жакупова*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 359
Бұйрығына 1-қосымша
Қандастар мен қоныс
ударушыларды
қабылдаудың өңірлік
квотасына енгізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

| | | |
|---|---|---|
| "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1) Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу<br>2) Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында айқындалған өңірлердің халқын әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру мыналар арқылы жүзеге асырылады:<br>1) ақпараттандыру обьектісі " Migration.enbek.kz" порталы;<br>2) Мемлекеттік корпорация;<br>3) веб-портал. |
| 3 | Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімі | 14 жұмыс күні ішінде.<br>Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты:<br>көрсетілетін қызметті берушіде – 30 минут,<br>Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут.<br>Көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда – 20 минут |
| 4 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін көрсету және ұсыну нысаны | Қағаз / электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| | | Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не бас тарту туралы шешім.<br>Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не бас тарту туралы шешім. |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесі | веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) Мемлекеттік корпорацияда – Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтердің дайын нәтижелерін беру мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдерінде дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа.<br>2) веб-порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы |
| | | Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін мынадай құжаттар қажет:<br>1) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) оның ішінде Цифрлық құжаттар сервисінен;<br>2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);<br>3) туу туралы куәлігі (бар болса).<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | веб-порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе веб-порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.<br>Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін мынадай құжаттар қажет:<br>1) қоныс аударушының және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болса), оның ішінде Цифрлық құжаттар сервисінен;<br>2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);<br>3) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болса);<br>4) еңбек қызметін растайтын құжат (болған кезде);<br>5) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығымен көзделген Жұмыс іздеп жүрген адамдарды және (немесе) жұмыссыздарды тіркеу туралы құжат (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 маусымда № 32850 болып тіркелді).<br>6) отбасы мүшелерінің туу туралы куәлігі (болған кезде).<br>Көрсетілетін қызметті беруші цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе "Электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу |

| | | |
|---|---|---|
| | | арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мемлекеттік | Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тартудың негізі "Халықтың көші-қоны туралы" Заңының (бұдан әрі - Заңы) 20-бабында көзделген мынадай шарттар болып табылады .<br>1) үміткерлердің "Көші-қон туралы" Заңының 1-бабының 13) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі, атап айтқанда қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;<br>2) этникалық қазақ мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;<br>3) қандас мәртебесін беру және ( немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш жасаған этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерелейтін мәліметтердің және олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға жататындығы туралы өзге де ақпараттың болуы;<br>4) этникалық қазақтың "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы;<br>5) қандастарды аумақтық-әкімшілік бірлікте қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы немесе этникалық |

| | | |
|---|---|---|
